БЕКІТЕМІН:
«Абай облысы Жарма ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ басшысы
С.Б Құлжабеков _____

Конкурстық құжаттамаға
2-қосымша

Сатып алынатын жұмыстардың техникалық сипаттамалары

Конкурстың атауы: Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылының даму және құрылыс схемасын (жеңілдетілген бас жоспар) әзірлеу.

1. Қала құрылысы құжаттамасының түрі:
Үшбиік ауылының даму және құрылыс схемасы (жеңілдетілген бас жоспар)

2. Тапсырыс беруші: «Абай облысы, Жарма ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ

3. Қала құрылысы құжаттамасын әзірлеуші
Мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижелері бойынша айқындалады.

4. Әзірлеуге негіз:
4.1. Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы №253-VIII ҚРЗ Кодексі «Қазақстан Республикасының құрылыс кодексі»;
4.2. Тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы арасындағы шарт.
4.3. Бас жобалаушының қосалқы мердігер ұйымдармен жекелеген жобалық құжаттама түрлерін және ғылыми-зерттеу бөлімдерін әзірлеу бойынша жасалған шарттары.

5. Қала құрылысын жоспарлау немесе аумақты салу объектісі, оның негізгі сипаттамалары
Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы. Үшбиік ауылы Жарма ауданының орталығы-Қалбатау ауылынан оңтүстік бағытында 121 шақырым жерде орналасқан. Жобаланатын аумақтың **ауданы 868 га.Тұрғын саны- 1201 адам, аула саны- 313 үй.**

6. Қала құрылысы құжаттамасын жобалау кезеңдері бойынша ұсынылатын материалдардың құрамы, мазмұны мен нысанына қойылатын негізгі талаптар, жұмыстарды орындау кезектілігі мен мерзімдері
6.1. Негізгі мақсат – қала құрылысы жағдайлары мен елді мекеннің ресурстық әлеуетіне сәйкес Үшбиік ауылының әлеуметтік-экономикалық және қала құрылысы дамуының ұзақ мерзімді перспективаларын әзірлеу, сондай-ақ қалыптасқан қала құрылысы жағдайын ескере отырып, тұрғындар үшін қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға бағытталған елді мекен аумағының сәулеттік-жоспарлау ұйымдастырылуын әзірлеу.
Елді мекен аумағын аймақтарға бөлу барысында нақты аумақтарды және жекелеген функционалдық аймақтарды пайдалану түрлері айқындалып, оларды пайдалануға қатысты шектеулер белгіленуі және төмендегілер қамтамасыз етілуі тиіс:

- адамның өмір сүруі мен тіршілік әрекеті үшін қолайлы орта қалыптастыру;
- халық пен өндірістің шамадан тыс шоғырлануына жол бермеу;
- қоршаған ортаны, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ластанудан қорғау;
- тарих және мәдениет ескерткіштері бар аумақтарды қорғау;
- аумақты антропогендік, техногендік процестер мен төтенше жағдайлардың қауіпті (зиянды) әсерінен қорғау;
- қолайсыз табиғи құбылыстардың әсерін төмендету.

Елді мекеннің әкімшілік-аумақтық құрылымдағы мамандануына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына және өндірістік-шаруашылық мамандануына байланысты елді мекен аумағында мынадай функционалдық аймақтар белгіленуі мүмкін:

1. тұрғын үй аймақтары;
2. қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) аймақтар.
3. рекреациялық аймақтар;
4. инженерлік және көлік инфрақұрылымы аймақтары;
5. өнеркәсіптік (өндірістік) аймақтар;
6. ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын аймақтар;
7. арнайы мақсаттағы аймақтар;
8. режимдік аумақтар;
9. қала маңы аймақтары;
10. санитариялық-қорғау аймақтары;
11. резервтік аумақтар (қала құрылысы ресурстары).

Бұдан басқа, тұрғын үй, қоғамдық (қоғамдық-іскерлік), рекреациялық аймақтардың, сондай-ақ инженерлік және көлік инфрақұрылымы аймақтарының аумақтары белгіленген шекаралар шегінде орналасуы және мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімділікті ескере отырып абаттандырылуы тиіс.

6.2. Негізгі міндеттер:елді мекен аумағының қолданыстағы жай-күйі туралы деректерді жинау және талдау жүргізіп, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, инженерлік-көліктік және экологиялық мәселелерді анықтау;-елді мекеннің іргелес аумақтармен әлеуметтік, өндірістік және өзге де байланыстарын талдау;-тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыруға және елді мекеннің орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған перспективалық жоспарлау құрылымы мен аумақты қала құрылыстық аймақтарға бөлуді айқындау;-өңірлік және мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, іргелес аумақтардың елді мекенмен өзара байланыстағы кешенді даму болжамын әзірлеу;-көше-жол желісін және көлік қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;-елді мекеннің коммуналдық желілерін жаңғырту жөніндегі қолданыстағы жоспарлар негізінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу;-аумақтарды қауіпті табиғи және техногендік процестерден инженерлік қорғау жөніндегі іс-шараларды айқындау;-**даму және құрылыс схемасын (жеңілдетілген бас жоспарды)** М 1:2000 масштабындағы орындалған топографиялық түсірілім негізінде әзірлеу, онда жобалау құжаттамасы әзірленген кезеңдегі елді мекен аумағының нақты жай-күйі көрсетілуі тиіс.

6.2.1. Жобаланатын аумақтың 1:2000 масштабындағы топографиялық негізі орындалсын.Ауылдың **даму және құрылыс схемасы (жеңілдетілген бас жоспары)** қала құрылысы жобасы әзірленетін кезеңдегі аумақтың нақты жай-күйі көрсетілген цифрлық топографиялық жоспар негізінде әзірленеді.Топографиялық түсірілім материалдары мемлекеттік қала құрылысы кадастрының талаптарына сәйкес ArcGIS бағдарламалық қамтамасыз етуінде (gdb, mxd), сондай-ақ AutoCAD бағдарламасында (dwg) (QazTRF-23 координаттар жүйесі, Балтық биіктік жүйесі) дайындалуы тиіс.Материалдар Тапсырыс берушіге қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынылады.

6.2.2. Даму және құрылыс схемасы (бас жоспардың жеңілдетілген нұсқасы) сатысы бойынша жобалық материалдардың құрамын әзірлеу:

1. елді мекеннің әкімшілік аудан жүйесіндегі орналасу схемасы (масштабы 1:10000, 1:25000);
2. тірек жоспар (аумақты қазіргі пайдалану жоспары);
3. бас жоспар (негізгі сызба);
4. қала құрылыстық аймақтарға бөлу жоспары;
5. көше-жол желісі мен көлік схемасы;
6. аумақтың тік жоспарлануы және инженерлік дайындығы;
7. инженерлік қамтамасыз ету схемасы;
8. қызыл сызықтарды бөлу жоспары;
9. қоршаған ортаны қорғау схемасы;
10. көшелердің көлденең қималары;

11. қабылданған жобалық шешімдердің негіздемесі қамтылған түсіндірме жазба;
12. техникалық-экономикалық көрсеткіштер.Мәтіндік бөлім:мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түсіндірме жазба;-түсіндірме жазбаның электрондық нұсқасы (doc, docx, pdf форматтарында).Графикалық бөлім:- - жалпы жоспар классификаторына сәйкес QazTRF-23 координаттар жүйесінде *.gdb форматындағы мәліметтер базасы *(Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен дамыту жобалары) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі No 505 бұйрығы);*

6.3.1. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI Экологиялық кодексіне сәйкес стратегиялық экологиялық бағалау және қоршаған ортаға әсерді бағалау бөлімін әзірлеу және белгіленген рәсімдерден өту.

6.4.1. Ашық жиналыс өткізу арқылы қоғамдық талқылаулар ұйымдастыру.

6.5.1. Кешенді қала құрылысы сараптамасынан өтіп, оң қорытынды алу.

6.6.1. Қоғамдық талқылаулардан, келісулерден, кешенді қала құрылысы сараптамасынан және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қолданыстағы заңнама мен нормативтік құжаттарда көзделген рәсімдерден өткеннен кейін даму және құрылыс схемасы аудандық мәслихаттың бекітуіне ұсынылады (Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 23-1-бабына сәйкес).

6.7.1. Жобаның графикалық бөлімінің құрамында қосымша жоспарлар мен схемалар әзірленуі мүмкін. Олардың құрамы, мазмұны және масштабы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келісу рәсімдері арқылы қосымша ақысыз айқындалады.

6.8.1. Графикалық материалдардың масштабы нақты қала құрылысы жағдайын ескере отырып, Тапсырыс берушінің әзірлеушімен келісуі бойынша нақтылануы мүмкін.

6.9.1. Қала құрылысы жобасы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығымен бекітілген «Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын және құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының» 2 және 9-қосымшаларына (жобалық шешімдерге сәйкес) сәйкес бірыңғай анықтамалықтар мен жіктеуіштер жүйесінде ГАЖ технологияларын пайдалана отырып, ArcGIS бағдарламасында (.gdb, mxd), QazTRF-23 координаттар жүйесінде электрондық форматта әзірленуі тиіс.

6.9.2. Даму және құрылыс схемасына ұсыныстар мен ескертулер бойынша толықтырулар мен өзгерістерді әзірлеуші қосымша ақы алмай, қысқа мерзімде енгізеді. Бұл ретте енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер Тапсырыс берушімен келісіледі. Жобаға кешенді қала құрылысы сараптамасы барысында сарапшылардың ескертулері жұмыс тәртібімен жойылады.

6.9.3. Даму және құрылыс схемасы мемлекеттік органдардың игерілген жер учаскелері және (немесе) жеке меншікке немесе уақытша өтеулі жер пайдалану құқығы берілген жер учаскелері туралы ақпараттық жүйелерінің мәліметтерін ескере отырып әзірленеді.

6.9.4. Қала құрылысы құжаттамасы негізгі (бекітілетін) бөлімнен және қала құрылысы шешімдерінің негіздемелік материалдарынан тұрады. Бекітілетін құжаттама мен негіздемелік материалдар графикалық және мәтіндік бөліктерді қамтиды.

6.9.5. Бас жоспар жобасын тиісті мемлекеттік органдарда келісу және бекіту аяқталғанға дейін сүйемелдеу.

6.10.1. Жұмыстарды орындау мерзімі:Шарт күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде.

6.11.1. Жобалау кезеңдері:-бастапқы жыл (қазіргі жағдай);-бірінші кезектегі кезең – 2030 жыл (5–7 жыл);-есептік мерзім – 2040 жыл (15–20 жыл).

7. Қала құрылысы құжаттамасын жобалау үшін бастапқы ақпараттың құрамы, орындаушылары, ұсыну мерзімдері мен тәртібі

Даму және құрылыс схемасын жобалау үшін заңнамада, оның ішінде нормативтік құқықтық және техникалық актілерде көзделген бастапқы деректер мен рұқсат беру құжаттарын жинауды жоба әзірлеушісі жүзеге асырады. Бастапқы деректер ретінде Тапсырыс беруші қолда бар елді мекеннің қолданыстағы бас жоспарын және өз құзыреті шегіндегі

мәліметтерді ұсынуға мүмкіндігі бар.Сонымен қатар, Тапсырыс берушінің жәрдемдесуімен қалалық және облыстық қызметтер мен мекемелер Әзірлеушіге елді мекеннің қазіргі жағдайы мен перспективалық дамуы туралы келесі деректерді ұсынады:-әлеуметтік-экономикалық база;-демографиялық жағдай;-мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері;-тұрғын үй қоры және аумақты абаттандыру;-көше-жол желісі мен көлік жүйесі;-инженерлік қамтамасыз ету (инженерлік коммуникациялар схемалары) және аумақты инженерлік дайындау;-экологиялық жағдай және т.б.

7.1 Негізгі талаптар

Даму және құрылыс схемасы (жеңілдетілген бас жоспар) Қазақстан Республикасының СН РК 3.01-00-2011 «Қазақстан Республикасында қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық» құрылыс нормаларына сәйкес графикалық материалдарды қамтуы тиіс, олардың құрамына мыналар кіреді:

жобаланатын аумақтың қала жүйесіндегі орналасу схемасы;

тірек жоспар;

аумақтың кешенді қала құрылыстық бағасы;

құрылыс салу эскизі;

қала құрылыстық аймақтарға бөлу және регламенттер жоспары;

көше-жол желісі мен көлікті ұйымдастыру схемасы;

аумақтың тік жоспарлау және инженерлік дайындау схемасы;

инженерлік қамтамасыз ету схемасы;

қызыл сызықтарды бөлу жоспары;

көшелердің көлденең қималары;

тірек тарихи-сәулет жоспары (тарихи-сәулет мұра ескерткіштері бар елді мекендер үшін);

қоршаған ортаны қорғау схемасы.

Әрбір графикалық материалға түсіндірме жазба қоса беріледі.

7.2.Даму және құрылыс схемасының (жеңілдетілген бас жоспардың) құрамында Техникалық тапсырмада айқындалатын қосымша схемалар әзірленуі мүмкін.

7.3. Түсіндірме жазбада мыналар қамтылуы тиіс:

-жобаланатын аумақты дамыту мәселелерінің сипаттамасы;

-іргелес аумақтардың дамуымен өзара байланыстағы нақты даму мақсаттары;

-демографиялық талдау;

-Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер;

-табиғи-климаттық жағдайлар туралы мәліметтер;

-аумақтың қолданыстағы функционалдық пайдаланылуы;

-тұрғын үй, қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар қорының жай-күйі;

-инженерлік және көлік желілерінің жағдайы;

-аумақты абаттандыру деңгейі;

-санитариялық-эпидемиологиялық жағдай және оны жақсарту жөніндегі іс-шаралар;

-жұмыс істеп тұрған және орналастыру жоспарланған өндірістік объектілердің қоршаған ортаға әсерін бағалау;

-тарихи-мәдени мұраны сақтау және дамыту жөніндегі ұсыныстар;

-сәулеттік-жоспарлау шешімдері мен қала құрылыстық аймақтарға бөлудің негіздемесі;

-тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардың ұсынылатын түрлері және халыққа әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыру қағидаттары;

-аумақты меншік түрлері бойынша бөлу (қажет болған жағдайда), аумақты пайдалану регламенттері, жер учаскелерінің шекаралары және жария сервитуттарды белгілеу жөніндегі ұсыныстар.

7.4. Бас жоспарды әзірлеу жобасын келісу қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту туралы қолданыстағы СН РК 3.01-00-2011 «Қазақстан Республикасында қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық» талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.Қала құрылысы құжаттамасының негізгі ережелері бекітілгенге дейін мүдделі мемлекеттік органдармен, оның ішінде:тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау саласындағы уәкілетті органдармен; қоршаған ортаға әсерді реттеу саласындағы уәкілетті органдармен; санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен; азаматтық

қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою органдарымен; көлік саласындағы уәкілетті органдармен; сәулет және қала құрылысы саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдармен; жер қатынастары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қызметтер органдарымен келісу қажет. Келісу процесі барысында жобаны Тапсырыс берушімен келісу үшін мүдделі мемлекеттік органдардың тізбесі бекітілуі тиіс. Қала құрылысы жобасын келісу рәсімдерін жүргізу және оны бекіту кезінде қорғау жұмыстарын Тапсырыс берушінің жәрдемдесуімен Жоба әзірлеушісі жүзеге асырады. Әзірленетін қала құрылысы жобасының түріне келісуші ұйымдардың қойылатын талаптары Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне сәйкес (Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңы, СН РК 3.01-00-2011 «Қазақстан Республикасында қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық», қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын және құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық және нормативтік құқықтық актілері мен мемлекеттік нормативтері) айқындалады.

8. Қажет болған жағдайда жобалау алдындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен инженерлік ізденістердің құрамы және оларды жүргізу тәртібі

Жоба құрамында келесі топографиялық жоспарларды орындау қажет:

8.1. Даму және құрылыс схемасын (жеңілдетілген бас жоспар нұсқасын) әзірлеу үшін 1:2000 масштабындағы топографиялық жоспар дайындалуы тиіс.

8.2. Координаттар жүйесі – QazTRF-23. Биіктік жүйесі – Балтық биіктік жүйесі.

8.3. Жерасты магистральдық инженерлік коммуникациялары объектілерінің координаттары мен биіктік белгілері жерүсті түсірілім әдісімен анықталуы тиіс.

8.4. Жер бедерін құру үшін ЦМР (цифрлық жер бедері моделі) пайдалану қажет. ЦМР-дің кеңістіктік ажыратымдылығы құрылыс салынған аумақта пиксельге кемінде 18 см, ал құрылыс салынбаған аумақта кемінде 30 см болуы тиіс. Топографиялық жоспарда жер бедері горизонтальдар арқылы 1 м сайын көрсетілуі қажет.

8.5. 1:2000 масштабтағы топографиялық жоспар қазынашылық органдарында шарт тіркелген күннен бастап 3 айдан кешіктірілмей Тапсырыс берушіге тапсырылуы тиіс.

8.6 М 1:2000 топографиялық жоспарының екі данада сыртқы жадта: - ArcGis форматындағы планшеттерге кесілмей М 1:2000 сәйкес таңбалары бар геоақпараттық деректер базасы;

9. Қала құрылысы құжаттамасын келісуді және сараптамадан өткізуді ұйымдастыру тәртібі

Қоғамдық талқылаулар мен келісу рәсімдерінен өткеннен кейін даму және құрылыс схемасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы №706 бұйрығымен бекітілген «Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларына» сәйкес кешенді қала құрылысы сараптамасына жіберіледі.

9.1. Қала құрылысы жобасының схемасын келісу және бекіту Қазақстан Республикасының СН РК 3.01-00-2011 «Қазақстан Республикасында қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулыққа» сәйкес жүзеге асырылады.

9.2. Жоба қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен, сәулет және қала құрылысы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органмен, сондай-ақ жобалауға арналған тапсырмада айқындалған өзге де ұйымдармен келісіледі.

10. Әзірленетін қала құрылысы құжаттамасының түріне келісуші ұйымдардың қоятын талаптары

Қала құрылысы құжаттамасы Қазақстан Республикасының СН РК 3.01-00-2011 «Қазақстан Республикасында қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық» талаптарына және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығымен бекітілген Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын және құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына сәйкес әзірленуі тиіс.

10.1. Даму және құрылыс схемасына (жеңілдетілген бас жоспарға) түзетулер енгізу кезінде _____ ауылының бекітілген бас жоспары басшылыққа алынуы тиіс.

10.2. Жоспарлау жобасы төмендегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес әзірленуі тиіс:

- Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы №253-VIII ҚРЗ Кодексі «Қазақстан Республикасының құрылыс кодексі»;
- Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығымен бекітілген Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын және құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары;
- СН РК 9.01-01-2022 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу жөніндегі нормативтік құжат»;
- СН РК 3.01-00-2011 «Қазақстан Республикасында қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық»;
- ҚНжЕ РК 2.03-10-2002* «Су басу және су жайылу аймақтарындағы инженерлік қорғау»;
- ҚНжЕ РК 3.01-01-2008 «Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу»;
- РДС РК 3.01-01-2002 «Қала құрылыстық аймақтарға бөлу жоспарларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі мен қағидалары»;
- ҚНжЕ РК 3.01-02-2001 «Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жоспарлау және салу»;
- СП РК 3.01-102-2012 «Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жоспарлау және салу»;
- СН РК 3.01-02-2012 «Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жоспарлау және салу»;
- СН РК 3.01-01-2013 «Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу»;
- СП РК 3.01-101-2013 «Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу»;
- НЗТП РК 8.03-01-2016 «Құрылысқа арналған жобалау жұмыстары бойынша еңбек шығындарының нормалары жинағы. 40-бөлім. Аудандық жоспарлау. Елді мекендерді жоспарлау және салу»;
- сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қолданыста болатын өзге де нормативтік-құқықтық актілер мен мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес.

11. Өзге де талаптар мен шарттар

11.1. Даму және құрылыс схемасының материалдарын электрондық форматта тапсыру ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

11.2. Қала құрылысы жобасының схемалары мемлекеттік қала құрылысы кадастрының талаптарын ескере отырып, бірыңғай анықтамалықтар мен жіктеуіштер жүйесінде геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) технологияларын қолдану арқылы электрондық форматта әзірленуі тиіс. Сондай-ақ жобаны әзірлеу барысында «Мемқалакадастр» РМК ұсынған үлгі пайдаланылуы қажет.

11.3. Даму және құрылыс схемасының 1:2000 масштабтағы графикалық материалдары (векторлық форматта) қағаз және электрондық жеткізгіштерде 3 данада ұсынылады. Электрондық нұсқасы мемлекеттік қала құрылысы кадастрының талаптарына сәйкес ArcGIS (.gdb, .mxd) және AutoCAD (.dwg) бағдарламаларында, QazTRF-23 координаттар жүйесінде дайындалуы тиіс.

11.4. Мәтіндік материалдар – қабылданған жобалық шешімдердің негіздемесі бар түсіндірме жазба және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығына 3 және 10-қосымшаларға (жобалық шешімдерге сәйкес) сәйкес техникалық-экономикалық көрсеткіштер 3 данада, doc, docx және pdf форматтарында, мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылады.

11.5. Даму және құрылыс схемасының материалдары мынадай құрамда ұсынылады:

- 1:2000 және 1:500 масштабтағы графикалық материалдар – 3 дана;
- түсіндірме жазба – 3 дана (мемлекеттік және орыс тілдерінде, қағаз және электрондық жеткізгіштерде);
- сызбалар альбомы (А3 форматында) – 3 дана;
- DWG форматындағы топографиялық түсірілімнің цифрлық нұсқасы (CD-дискіде);
- QazTRF-23 координаттар жүйесіндегі GDB форматындағы деректер базасы – 3 дана (CD-дискіде);
- QazTRF-23 координаттар жүйесіндегі схемалардың векторлық нұсқасы, СН РК 3.01-00-2011 4.1.3.7.23-тармағына сәйкес – 3 дана (CD-дискіде);
- схемалардың растрлық нұсқасы, СН РК 3.01-00-2011 4.1.3.7.23-тармағына сәйкес – 3 дана (CD-дискіде);
- 1,0 × 2,0 м өлшеміндегі қатты негіздегі демонстрациялық материалдар – 2 дана;
- топографиялық түсірілімнің графикалық материалдары (жоспарлары) және техникалық есеп – 3 дана.

11.6. Графикалық және мәтіндік материалдардың электрондық (цифрлық) нұсқасы қолданыстағы заңнамаға және Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес 3 данада (CD-диск және USB флеш-жинақтауышта), мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылады.
11.7. Қоғамдық талқылаулар өткізу үшін демонстрациялық материалдар әзірленуі тиіс.
11.8. Қажет болған жағдайда 3D презентациялық бейнеролик дайындалады.
Даму және құрылыс схемасының векторлық нұсқасын мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасына енгізу үшін ұсыну Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №244 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрынан ақпаратты және (немесе) мәліметтерді жүргізу және ұсыну қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.
11.9. Техникалық ерекшелік шарт жасасу барысында тараптардың өзара келісімімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нақтылануы және толықтырылуы мүмкін.
11.10. Жобалау жұмыстарын орындау үшін әзірлеушінің штатында лицензияланатын қызмет түрінің тиісті кіші түріне сәйкес жұмыс бейіні бойынша біліктілік аттестаттары бар, тұрақты негізде жұмыс істейтін кемінде 4 аттестатталған инженерлік-техникалық қызметкер (бас жоба инженері, бас жоба сәулетшісі, жетекші жобалаушы инженер және басқа мамандар) болуы тиіс.
11.11. Жоспарлау жобасы шеңберінде ауданның инженерлік инфрақұрылымын жобалау кезінде елді мекеннің инженерлік жүйелерін алдағы 10–15 жылға арналған даму схемалары ескерілуі тиіс және оларды кезең-кезеңімен игеруге сәйкес 2025 жылдан бастап кейінгі жылдарға арналған инженерлік желілерді тиімді орналастыру мен қуаттарды пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірленуі қажет.
11.12. Әзірлеуші қала құрылысы жобасының схемасын Тапсырыс берушіден төлем қаражатын алғанға дейін өзінің айналым қаражаты есебінен әзірлейді.
11.13. Тапсырыс берушіге ай сайын жобаның орындалу барысы туралы есептер мен презентациялар ұсынылып отырады.

12. Жобаны әзірлеу мерзімдері

Жобаны әзірлеудің басталу мерзімі – шарт Қазақстан Республикасы Қазынашылық органдарында тіркелген күннен бастап.
Жобаны әзірлеудің аяқталу мерзімі – шарт Қазынашылық органдарында тіркелген күннен бастап 6 ай.

13. Ерекше шарттар

13.1. Ауыл аумағын дамытудың алдын ала эскиздік тұжырымдамасы әзірленуі тиіс.
13.2. Жобалау жұмыстары орындаушының иелігіндегі лицензиялық бағдарламалық өнімдерді пайдалана отырып орындалуы тиіс, оның ішінде ArcGIS және басқа да қажетті бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары.

13.3. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасына енгізу үшін қала құрылысы жобасы векторлық форматта сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұсынылады.
Жобалау жұмыстары лицензиялық бағдарламалық өнімдерде орындалып, Тапсырыс берушіге төмендегі форматтарда тапсырылуы тиіс:

- ArcGIS;
- AutoCAD;
- JPEG;
- PDF;
- XML;
- DOC;
- сондай-ақ Тапсырыс берушінің тапсырмасына сәйкес өзге де форматтарда.

13.4. Орындаушыда «Жобалау қызметі» бойынша II санаттан төмен емес лицензия, оның ішінде «Қала құрылыстық жобалау және жоспарлау, оның ішінде жоспарлау құжаттамасын әзірлеу» кіші түрі бойынша лицензия болуы тиіс.
13.5. Жобалау барысында Орындаушы жіберген қателер анықталған жағдайда, оларды Орындаушы өз қаражаты есебінен түзетуге міндетті.
13.6. Шарт жасасу және жобалау процесінде техникалық ерекшелік Тапсырыс беруші жобалауға арналған тапсырманы бекіткен кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нақтылануы мүмкін.
13.7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы №506 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы №1525 қаулысына өзгеріс енгізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» қаулысының талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізілетін аумақта ұшқышсыз ұшу аппаратының (дронның) ұшу жоспарын келісуді қамтамасыз ету жөніндегі кепілдік міндеттемесі ұсынылуы тиіс.

14. Өзге шарттар

Жеткізуші жобаны мынадай кезеңдерде сүйемелдеуді қамтамасыз етеді:
14.1. Қоғамдық тыңдауларды өткізу кезінде, жобаны қала активімен және қала тұрғындарының қоғамдық өкілдерімен келісу барысында.
14.2. Жобаны қалалық және облыстық мемлекеттік мекемелермен келісу кезінде.
14.3. Мемлекеттік кешенді ведомстволық сараптамадан өту барысында.
14.4. Жобаны Қазақстан Республикасы Үкіметіне бекітуге ұсыну үшін қажетті министрліктермен және комитеттермен келісу кезінде.

Ескерту:

Техникалық тапсырманың мазмұны қала құрылысы құжаттамасының жекелеген түрлерін әзірлеуге қойылатын талаптарға және қала құрылысын жоспарлау мен құрылыс салу объектісінің ерекшеліктеріне сәйкес нақтылануы мүмкін.

Дайындаған. Бас маман, Ұ. Мэлс_____